

Туберкулезбен күрес жөніндегі республикалық үйлестіру кеңесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 сәуірдегі N 317 қаулысы.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы N 1261
Қаулысымен

**Ескерту. ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 2 сәуірдегі N 317 Қаулысының күші
жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы N 1261 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 . < * >

**Ескерту. 1-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.09.01. N 922
қаулысына .**

2. "Қазақстан Республикасында халықты туберкулезден қорғаудың шұғыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4 қыркүйектегі N 839 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 30, 265-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтағы "құрылып, 1 және 2-қосымшаларға сәйкес құрамы мен Кеңес туралы ереже бекітілсін" деген сөздер мынадай редакцияда жазылсын:

" қ ұ р ы л с ы н " .

6-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Әділет министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі" ;

7, 8, 9, 12-тармақтарда :

"Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі" деген сөздер " Денсаулық сақтау министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

10-тармақта "Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі" деген сөздер " Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

11-тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"Туберкулез ғылыми-зерттеу институты Қазақстан Республикасының туберкулез проблемалары ұлттық орталығы деп қайта аталсын";

12-тармақтың "Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі" деген сөздер "Денсаулық сақтау министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК